

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Сюндиков Кайрат Жандильдинович

**ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫН ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТТЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ**

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба
«7M04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы бойынша

Ғылыми жетекші: _____ Таскужин Т.Ж., з.ғ.к.

Жоба қорғауға жіберілді: «___» _____ 2024 ж.

Басқару институтының директоры _____ Гаипов З.С., с.ғ.д.

Астана, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5
НЕГІЗГІ БӨЛІМ	8
ҚОРЫТЫНДЫ	40
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ	42
ҚОСЫМШАЛАР	45

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз.

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.

«Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.

«Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңы.

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы.

«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі Тұжырымдамасы: «Ең алдымен адамдар» – «адамдарға бағдарланған» моделін қалыптастыру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының 2025 дейінгі жалпыұлттық басымдықтар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 520 Жарлығы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	- Қазақстан Республикасы
ОМО	- орталық мемлекеттік орган
ЖАО	- жергілікті атқарушы орган
НҚА	- нормативтік-құқықтық акт
ЭЫДҰ	- Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
БАҚ	- бұқаралық ақпарат құралдары
ҚР МҚІА	- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
ҚР СЖҚІА	- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
ҮББ-4	- №4 үлгілік базалық бағыт
SWOT	- күшті және әлсіз жақтарын, ықтимал мүмкіндіктері мен қауіптерін талдау
Google - нысаны	- Google жүйесі арқылы онлайн әлеуметтік сауалнама нысаны
ИВК Transparency International	- Сыбайлас жемқорлықты қабылдаудың халықаралық индексі
ІІМ	- Ішкі істер министрлігі
ҮЕҰ	- үкіметтік емес ұйымдар
ИАЖ «Е-Қызмет»	- «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттық жүйесі

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі.

Мемлекеттік қызметте этикалық саясатты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы іске асыру мемлекеттік басқарудың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан – бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасында басымдықтардың қатарында: «Әділ Қазақстан, ең алдымен, адал сот төрелігін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күресті және полицияның тиімді жұмысын білдіреді. Осы салалардағы реформалар құқықтың шынайы үстемдігін қамтамасыз етеді, барлық азаматтардың құқықтарының сақталуына кепілдік береді» [8].

Президент өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында азаматтардың барлық сындарлы сұраныстарына жедел және тиімді жауап беретін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруға бірнеше рет назар аударды. Қ.К. Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі күрес мәселелерінде: «сыбайлас жемқорлық қылмыс болған ведомствоның бірінші басшысының жауапкершілігін заңнамалық және нормативтік реттеуді» тапсырды [9].

«Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «институттардың сапасы» 2-бағыты бойынша жалпыұлттық басымдықтар тізбесіне «мемлекеттік басқарудың жаңа моделі» басым бағыты енгізілді. Бірқатар нысаналы көрсеткіштер белгіленді, оның ішінде: Дүниежүзілік Банктің мемлекеттік басқару тиімділігінің индексі бойынша кемінде 74 процентильге қол жеткізу және Трансперенси Интернешнлден (Transparency International) сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша 45 баллға қол жеткізу.

Қоғамдық сананы өзгертуге, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және жазаның бұлтартпастығы қағидатын іске асыруға бағытталған мемлекеттік басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы бірқатар тұжырымдамалық құжаттар қабылданды.

Оның қатарында: 6 тапсырма блогын қосқан Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы мен бес негізгі Халық үніне құлақ асатын, Тиімді, Есеп беретін, Кәсіби және Прагматикалық мемлекет қағидаттарын бекіткен Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы: «Ең алдымен адамдар» – «адамдарға бағдарланған» моделін қалыптастыру.

НҚА-ға бірқатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы түзетулер қабылданды. Қазақстан тарихында тұңғыш рет бағыныстылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін басшылардың жауапкершілігі заңнамалық деңгейде бекітілді.

Магистрлік зерттеу тақырыбын таңдау мемлекеттік органдардың практикалық қызметінен туындайтын мәселелер мен проблемаларға байланысты.

Мемлекеттік қызметшілер жасайтын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен әдептілік теріс қылықтардың санын түбегейлі азайту қажет. Мемлекеттік қызметшілердің парасатты мінез-құлыққа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және этикалық нормаларды сақтауға ішкі ынталандыру маңызды. Мемлекеттік мекемелердің бірінші басшылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды сақтамайтын, ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінде белгіленген құндылықтарды сақтамайтын фактілер әлі де айтылуда.

Жоғары басшылық өкілдері жасаған сыбайлас жемқорлық қылмыстар қоғамда үлкен резонанс тудырады, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік аккаунттарда жарияланады және теріс салдарға әкеледі, билікке және олар қабылдаған шешімдерге деген сенімге нұқсан келтіреді.

Аталған проблемаларды шешу үшін мемлекеттік қызметшілердің ойлауын саналы түрде өзгерту, мемлекеттік қызметке құндылықтарды тасымалдаушыларды іріктеу сияқты белгілі бір жағдайлар қажет екені анық.

Зерттеудің мақсаты әдеп стандарттарын енгізу арқылы мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тетіктерін жетілдіру болып табылады.

Осыған байланысты жобада келесі міндеттер қойылды:

- этикалық теріс қылықтар мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың себептерін анықтау;
- мемлекеттік қызметшілердің әдеп стандарттарын сақтауымен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейімен өзара байланысты анықтау;
- құқық бұзушылықтардың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- мемлекеттік қызметшілерді парасатты мінез-құлыққа ынталандыру тетіктерін әзірлеу.

Магистрлік зерттеуде егер мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы мен олардың этикалық нормаларды сақтауы үшін жеткілікті және тиімді ынталандыру қамтамасыз етілсе және кадрлық шешімдердің негізінде мемлекеттік қызметші мен оның мансаптық өсуін бағалау ең алдымен этикалық құндылықтарды ескеретін болса, онда әдеп стандарттарын кеңінен сақтау және парасатты қызметшілер санының артуы күтіледі деген **гипотеза ұсынылады**.

Нәтижесінде - қоғамның мемлекеттік органдарға және олар қабылдаған шешімдерге деген сенімін арттыру.

Зерттеудің объектісі: мемлекеттік қызметте қалыптасқан сыбайлас жемқорлықты алдын алу және әдеп стандарттарын сақтау жүйесі.

Зерттеудің пәні: тұжырымдамалық және стратегиялық құжаттар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалар мен әдеп стандарттары.

Зерттеудің әдіснамалық негізі:

Сандық (әлеуметтанулық сауалнамалар, сараптамалық сұхбат, статистикалық талдау, жиынтық-талдау), контент-талдау, корреляциялық талдау, кабинеттік талдау, тест-талдау, салыстырмалы әдіс пайдаланылды.

Зерттеудің жаңалығы:

Жүргізілген зерттеу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және әдеп стандарттарын енгізу саласындағы мемлекеттік шараларды практикалық тәжірибе мен талдау негізінде мемлекеттік қызметшілерді парасатты мінез-құлыққа, этикалық көшбасшылыққа ынталандыруға баса назар аударылды, парасатты қызметшілер пулын – «өзгерістер агенттерін» қалыптастыру, «қоғамдық айыптау» институтын енгізу мәселелері қаралды.

Келесідей нәтижелер күтілуде:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс және этикалық теріс қылықтардың алдын алу нәтижелерінің ашықтығы мен жариялылығы;
- мемлекеттік қызметшілердің ой-өрісін саналы түрде өзгерту;
- мемлекеттік қызметке іріктеу және мансаптық ілгерілету кезінде кәсіби білім мен дағдылардан парасаттылық қағидаттарының басымдығы;
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға мен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексіне өзгерістер енгізу;

Магистрлік жобаның практикалық маңыздылығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және мемлекеттік қызметшілерді парасатты мінез-құлыққа ынталандыру тетіктерін әзірлеу бойынша ұсынымдарды әзірлеуде көрінеді. Этика сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес құралы ретінде қарастырылады.

Жарияланымдар.

Магистрлік жоба тақырыбы бойынша «ОТКРЫТОЕ ПРАВИТЕЛЬСТВО И НОВАЯ КУЛЬТУРА УПРАВЛЕНИЯ: СЛЫШАТЬ, ПОНИМАТЬ, ДЕЙСТВОВАТЬ» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында «Мемлекеттік қызметтегі әдеп стандарттары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалар: рөлі мен маңызы» атты мақала жарияланды. Қазақстан Республикасы, Астана қ., 2023 жылғы 27-28 сәуір.

1. Ағымдағы жағдайды талдау

Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік аппаратты реформалау жөнінде жүйелі шаралар қабылдайды.

ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес Қазақстандағы мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттары сатылмаушылық, әдептілік және ашықтық болып табылады.

Қазақстанның 2017 жылғы қаңтарда қабылданған ЭЫДҰ жария парасаттылық жөніндегі кеңестің ұсынымына қосылуға дайындығы шеңберінде ЭЫДҰ сарапшылары Қазақстанның мемлекеттік органдарының парасаттылығына мерзімді шолу жүргізеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының мақсаттарының бірі «адалдық пен сатылмаушылықты, жауапкершілікті, сондай-ақ жария істер мен жария мүлікті тиісті басқаруды ынталандыру» болып табылады [37].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде этикалық мәдениеттің басымдығын атап өту қажет. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар тәжірибесі бар мемлекеттердің көшбасшылары көбінесе мемлекеттік әкімшілік ішіндегі этикалық көзқарастардың өзгеруін бірінші қажеттілік деп атайды: барлық заңдар, жаңа органдар, институционалдық реформалар, табыстарды арттыру және т.б. этикалық мәдениетті өзгертпестен пайдасыз» [29].

2022 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру шарттарын нақты айқындады. «Сыбайлас жемқорлықтан абсолютті бас тартуға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, тәрбие және білім беру шараларын жүйелеу, мемлекеттік аппарат пен бизнес-қоғамдастық өкілдерін парасатты мінез-құлыққа ынталандыру жолымен қол жеткізілетін болады» [2].

Осы Тұжырымдаманың 1-міндеті «сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру» «сыбайлас жемқорлар қоғамдық айыптауға ұшырауы керек» деп болжайды [2].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың басым міндеттерін орындау үшін мемлекеттік органдарда төрт бағытты қамтитын ҮББ-4 (ТБН-4) жобалық басқармасы енгізілді: сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту, квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті дамыту.

Маңызды және қағидатты ереже «Ең алдымен адамдар» – «адамдарға бағдарланған» моделін қалыптастыру Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейінгі мемлекеттік басқаруды дамыту бойынша тұжырымдамада бекітілген. Мемлекеттік басқару институттарына деген сенімді нығайтуға жоғары әдеп стандарттарын сақтамай және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік танытпай қол жеткізу мүмкін емес [1].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыста басты рөл алдын алу сипатындағы кешенді шараларға беріледі. Олар сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге, оның себептері мен жағдайларын жоюға бағытталған.

ҮББ-4 (ТБН-4) жобалық басқару шеңберінде уәкілетті орган сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың негізгі бағыттарын және мемлекеттік қызметтегі превенция құралдарын айқындады:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру саласындағы әлеуметтік жобаларға мемлекеттік тапсырысты іске асыру;
- сыбайлас жемқорлық деңгейін анықтауға бағытталған әлеуметтік зерттеулер мен сауалнамалар жүргізу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті анықтауға бағытталған әлеуметтік зерттеулер мен сауалнамалар жүргізу;
- мемлекеттік қызметшілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат;
- ҚР СЖҚІА call-орталығына келіп түсетін сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпаратты жүйелеу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын дамыту;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты енгізу.

Мемлекеттік қызметшілердің әдептілік деңгейін бағалауды мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган, персоналды басқару қызметтері, әлеуметтанулық институттар жүргізеді. Халыққа көрсетілетін қызметті алушылармен кері байланыс арналары шеңберінде мезгіл-мезгіл өтініштер нысанында қызметшілердің іс-әрекеттеріне баға беріледі.

Қазіргі уақытта парасаттылық деңгейі, этикалық құндылықтар мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде басым фактор болып табылмайтынын атап өткен жөн. Мемлекеттік мекемелердің персоналды басқару қызметтері мен қабылдау комиссиялары кандидаттың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының, мемлекеттік қызметке кір келтіретін фактілердің және жеке қасиеттерін бағалауға арналған тест қорытындыларының жоқтығына назар аударады.

Бұл тест үміткерді 13 құзырет бойынша бағалайды: парасаттылық, бастамашылдық, көшбасшылық, жеделдік, қызметті тұтынушыға және оны ақпараттандыруға бағдарлану, жауапкершілік, шешім қабылдау, өзін-өзі дамыту, ынтымақтастық және өзара іс-қимыл, стратегиялық ойлау, тұрақтылық, қызметті басқару, өзгерістерді басқару. Тестілеу қорытындысы бойынша құзыреттер бойынша қысқаша сипаттама беріледі.

Мәселен, «парасаттылық» құзыреті бойынша мынадай қорытынды шығарылады: «Кандидат белгіленген әдеп нормалары мен стандарттарды ұстанады, олардың бұзылуына жауап береді. Ол бейтараптықты, әділдікті, жанқиярлықты, сондай-ақ жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарауды көрсетеді».


Мемлекеттік қызметтің жағдайына шолуды жыл сайын уәкілетті орган-ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жағдайы туралы Ұлттық баяндамада ұсынады.

Мемлекеттік органдарда әдеп стандарттарының сақталу деңгейін бағалай отырып, АХАЖ анонимді сауалнама құралын пайдаланады және қызметтік әдепті бұзу статистикасын, заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін, әлеуметтік аккаунттар мен БАҚ материалдарына мониторинг жасап талдайды.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жағдайы туралы Ұлттық баяндамада орналастырылған мәліметтерге сәйкес қызметтік әдеп нормаларын бұзу статистикасы олардың 21% - ға қысқарғанын куәландырады [16].

1 кесте. Әдеп жөніндегі кеңестердің ұсыныстары бойынша тәртіптік жауапкершілікке тартылған мемлекеттік қызметшілер саны

Бұзушылықтар түрлері	2020	2021	2022
Әдеп бұзушылықтары үшін	200	212	123
Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар үшін	171	185	118
Ескертпе: дереккөз бойынша құрастырылған [16]			




Ескертпе: дереккөз бойынша құрастырылған [16].

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық баяндамада орналастырылған мәліметтерге сәйкес сыбайлас

жемқорлық қылмыстары үшін жауапқа тартылған адамдардың статистикасы олардың 21% - ға қысқарғанын куәландырады [17] .

Осылайша, сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталған адамдардың саны 1021 фактіден (2020 ж.) 725 фактіге (2022 ж.) дейін төмендеді.



Ескертпе - дереккөз бойынша құрастырылған [17]

Мемлекеттік қызметшінің жұмысындағы басымдықтар «Егемен Қазақстан» мерзімді баспа басылымында «Мақсатымыз - ел игілігіне қызмет ету» бағдарламалық мақаласында көрсетілген [13]. Мақалада Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің жаңа редакциясындағы түбегейлі айырмашылықтарға назар аударылды.

Кодекстің жаңа редакциясы мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарымен толықтырылды. Оның ішінде мемлекеттік қызметші ойын мекемелеріне (казино) барудан шектеледі. Сонымен бірге, егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада бағыныстылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін басшылардың жауапкершілігі күшейтілген болса, онда Әдеп кодексінен кодекс талаптарының орындалуын қамтамасыз еткені үшін мемлекеттік органдар басшыларының жауапкершілігі туралы ереже алынып тасталды.

Сарапшы С. Даненова өзінің талдамалық баяндамасында этикалық саясаттағы басшылардың рөліне ерекше назар аударады: «Мемлекеттік қызметшілердің әдебін арттырудағы тиімді жұмысы үшін барлық саяси басшылардың, квазимемлекеттік сектордың топ-менеджерлерінің, барлық деңгейдегі әкімдердің міндеттемелері болу керек. Олар күнделікті жұмысында жоғары адамагершілік-моральдық құндылықтарды көрсету керек» [35]

Ағымдағы кезеңде ҮББ-4 жобалық басқарудың «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» 3 бағытының менеджерлері ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысқа әдеп жөніндегі уәкілдер тартылған.

2. Әдебиетке шолу

Мемлекеттік қызметшілердің этикасы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру мәселелеріне отандық және шетелдік авторлардың бірқатар ғылыми жұмыстары арналған.

Сонымен, авторлар тобы Ф.Н. Жақыпова, А.А. Ахметов, Ж.Ж. Дәулетбаева, Ж.К. Рысбекова, Е.К. Жаров «Мемлекеттік қызметшінің әдеп және мінез-құлық нормалары» [23] нұсқаулығында Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің ережелері негізінде және ситуациялық мысалдар-кейстерді пайдалана отырып, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік мінез-құлыққа және жұмыстан тыс уақытқа арналған ұсынымдар берді. Мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлқының мысалдары келтірілген.

Г.Т. Уразбаеваның «Этические основы государственной службы» оқу құралында [24] автор мемлекеттік аппарат жұмысындағы этикалық негіздерге назар аударады, этикалық мәселелерге талдау жасайды.

Профессор Б.С. Әбдірасиловтың жалпы редакциясымен шыққан «Основы антикоррупционной культуры» [25] оқу құралының мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық, мәдени және өзге де аспектілерін талдау, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту тетіктері мен институттарын зерделеу болып табылады.

«Антикоррупционные реформы в Казахстане. Четвертый раунд мониторинга Стамбульского плана действий по борьбе с коррупцией» [26] есебі осы жоспардың орындалуы туралы ақпаратты қамтиды. Ол ЭЫДҰ Бас хатшысының басшылығымен жарияланады. Есепте БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын, басқа да халықаралық стандарттар мен озық тәжірибелерді қолдау жөніндегі ұсынымдарды іске асыру жөніндегі елдердің күш-жігеріне шолу және үздіксіз мониторинг жарияланады. Есепте ұсыныстарды орындау дәрежесінің рейтингі берілген.

«ACSH. Partnership for Excellence. Драго Кош. Предотвращение и борьба с коррупцией в постсоветских странах» [27] баяндамасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мамандандырылған институттардың озық тәжірибесі мен тиімділігіне талдау жасалды. Сыбайлас жемқорлық саласындағы проблемалар мен кедергілер, постсоциалистік елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы туралы қорытындылар келтірілген.

Ш.А.Есимованың жалпы редакциясымен шыққан «Государственная служба: современное состояние и перспективы развития» [28] мақалалар жинағы авторлары, ғалымдар, ЖОО оқытушылары, ізденушілер мемлекеттік басқарудың проблемаларымен қатар мемлекеттік қызметтің жаңа моделін қалыптастыруды, мемлекеттік қызметшінің ынталандырылуы мен моральдық мәселелерін, адами капиталды дамыту ерекшеліктерін қарастырды.

Дивайн В. мен Хоппе Т. «Основные понятия и концепция антикоррупционной деятельности» [29] кітабі Еуропа Кеңесінің қаржылық қолдауымен дайындалған.

Осы зерттеудің «моральдық-этикалық нормалар» бөлімінде этика сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес құралы ретінде қарастырылады. Этикалық көшбасшылықтың болмауы, құқық қолданудың болмауы, қоғамның моральдық-этикалық ережелер туралы хабардарлығының болмауы сияқты факторларға түсініктеме беріледі. Автормен кейстер және ситуациялық зерттеулер келтірген. Оқу құралына халықаралық стандарттар (конвенциялар, ережелер, кодекстер) енгізген.

Б.А. Жетпісбаеваның «Стратегия борьбы с коррупцией» оқу құралында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың теориялық және практикалық мәселелері қаралады, отандық заңнаманың дамуы мен шетелдік тәжірибе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі азаматтық қоғамның рөлі, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу ресурсы ретіндегі қызметтік әдеп талданады. Жекелеген елдерге осы бағытта табысқа жетуге мүмкіндік берген тұжырымдамалық және адамгершілік көзқарастарға ерекше назар аударылды. «1) табысты елдердің саяси көшбасшылары сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған күшті ерік-жігерге ие, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы кампаниялардың табысының кепілі болып табылады; 2) елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының міндеттерін іске асыру үшін мінсіз адал және беделді мемлекет қайраткерлері тартылған» [30]

Профессор Е.О. Алауханов өзінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес: пен практика теориясы» атты еңбегінде [22] ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру мәселелерін қарастырады.

Ш.Т. Шаяхметованың «ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне түсініктемелер (қолдану жөніндегі ұсынымдар)» атты ғылыми жұмысы [18] Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жағдайы туралы Ұлттық баяндаманы Іске асыру жоспарын орындау үшін ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы шығарды. Мемлекеттік қызмет саласындағы, әдеп жөніндегі уәкілдерге Кодекс ережелерін іс жүзінде қолдану, мемлекеттік қызметшілердің этикалық мәдениетін арттыру бойынша ұсынымдар берілді. Түсініктемелер кодекстің жаңа редакциясына байланысты ерекше өзектілігі мен практикалық маңыздылығын білдіреді.

Ресей ғалымдары Н.А. Абузарова, М.В. Залоило, В.И. Кузнецов пен басқаларының «Антикоррупционная этика и служебное поведение: научно-практическое пособие» [31] ғылыми жұмысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы этика негіздері, қызметтік мінез-құлық қағидаттары, мүдделер қақтығысын болдырмау мәселелері, әдеп кодекстерін дамытудың негізгі бағыттары қаралды.

ИНДЕМ қорының Г.А.Сатаров және басқа да сарапшылар ұжымының «Антикоррупционная политика: учебник для вузов» ғылыми еңбегінде сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады, сыбайлас жемқорлыққа социологиялық талдау жасалады, сыбайлас жемқорлық экономикасы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың халықаралық тәжірибесі қарастырылады.

Атап айтқанда, авторлар «Саяси жігер ұғымын саяси акторлардың

сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформаларды жүзеге асыруға, сондай-ақ реформа жүргізілген уақыт ішінде осы іс-әрекеттердің шығындарын қолдауға ұмтылысы ретінде қарастырады» [32].

Бұл тақырыптың өзектілігі Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранттары мен докторанттарының назарын аударғанын атап өткен жөн.

3. Әдістер

Магистрлік зерттеуде жүйелік зерттеу әдісі қолданылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен этикалық стандарттарды енгізудің халықаралық тәжірибесі зерделенді. Жұмыста Transparency International сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексінің деректері келтірілген.

Отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстары, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ғылыми жұмыстары зерттелді. Әдеп стандарттарын енгізуді зерттеу үшін SWOT талдауы да қолданылды. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиялардың артықшылықтарын анықтау үшін зерттеудің салыстырмалы әдісі қолданылды.

Магистрант Google-нысан арқылы мемлекеттік қызметшілердің мақсатты тобы арасында әлеуметтік сауалнама және сараптамалық сұхбат жүргізді.

Мәліметтерді алу үшін уәкілетті мемлекеттік органдардың ашық көздері, сондай-ақ уәкілетті орган басшылығының жарияланымдары, бағдарламалық мақалалары пайдаланылды.

4. Шетелдік тәжірибе

Қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық тәжірибені стратегияның төрт түріне бөлуге болады: сыбайлас жемқорлықтың себептерін жүйелі түрде жою стратегиясы (Израиль, Филиппин), сыбайлас жемқорлыққа қарсы соғыс стратегиясы (Қытай, Вьетнам, Индонезия), саналы пассивтілік стратегиясы (Ресей Федерациясы) және сыбайлас жемқорлыққа қарсы аралас стратегия (Гонконг, Швеция, Дания).

Сингапур (Transparency International ИВК-дағы бесінші позиция) адалдық және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қамтитын негізгі құндылықтарға баса назар аудару арқылы экономикалық табысқа жетті. Беделіне кір келтірмеген, адал, тиімді үкімет билеуші партияның ең құнды жетістігі және Сингапурдың басты абыройы болды және болып қала береді. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – мемлекеттік саясатының басым бағыты.

Сингапурдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламасының бір бағыты жоғары әдеп стандарттарының сақталуына қатаң қадағалау орнату болып табылады. Сингапур көшбасшыларының көпшілігі үшін әдет және өмір сүру нормасы ретінде «адал және сатылмайтын болып қалу» принципін ұстанады. Сингапурдың табысты экономикалық моделінің танымал авторы Ли Куан Ю өзінің «Сингапурская история. Из «Третьего мира» - в первый» көшбасшылардың рөліне назар аударды: «біз қоғамдық пікірдің Үкіметтегі сыбайлас жемқорлықты қоғамға қауіп ретінде қарастыруына қол жеткіздік.

Жоғары моральдық принциптерді, берік нанымдарды және сыбайлас жемқорлықты жоюдың ең жақсы ниеттерін уағыздаудан бастау оңай. Бірақ осы жақсы ниеттерге сәйкес өмір сүру қиын. Бұл күшті көшбасшыларды және барлық құқық бұзушылармен күресуге бел бууды талап етеді» [11].

Осылайша, елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының жетістігі азаматтық қоғам мен мемлекеттік биліктің тығыз өзара іс-қимылымен қамтамасыз етілген.

Дания (Transparency International ИВК-дағы бірінші позиция) сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуда елдің барлық азаматтары мен жұртшылығының пәрменді, кеңінен қатысуын тәжірибеде қолданады. Сыбайлас жемқорлыққа «абсолютті төзбеушілік» саясаты іске асырылды. Жұмысқа орналасу кезінде қол қоюшы тараптардың пара алудан және беруден бас тарту туралы міндеттемесі қамтылған арнайы (сыбайлас жемқорлыққа қарсы) шартқа қол қою міндетті болып табылады.

Мұндай шартқа қол қоюды қаламау жұмысқа қабылдаудан бас тартуға елеулі себеп болуы мүмкін, ал оны бұзу жұмыстан шығаруға әкеп соғады, нәтижесінде қызметкердің жеке ісінде және мінездемесінде бас тарту себептері туралы арнайы белгі пайда болады.

Литва Республикасының мемлекеттік басқаруындағы этикалық саясаттың негізі Әдеп кодексі болып табылады. Этикалық саясаттың құрылымына этикалық комитеттер, этикалық қызметкерлердің лауазымдары,

этикалық ілімдер, этикалық аудиттер және т. б. кіреді.

Сонымен бірге, сарапшылар этика мен ағартушылық мәселелеріне этикалық саясатты қалыптастыруда кешенді көзқарасты дайындау кезінде жеткілікті көңіл бөлінбейді деген қорытындыға келеді.

Сарапшылардың пікірінше, этикалық ұйым құруға ұмтылудағы алғашқы қадам - этикалық саясатты қалыптастыру. Этикалық саясат әдеп кодекстері мен ережелерде, ұйымның құндылықтарында, оның миссиясында, яғни этикалық инфрақұрылымда көрініс табуы мүмкін.

Литва Республикасы ПМ жанындағы жария басқару агенттігі этикалық саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

Литва мемлекеттік басқаруының этикалық инфрақұрылымына мыналар жатады:

- жоғары қызметтік әдеп комиссия
- әдеп және рәсімдер сеймі комиссиясы (5 мүше);
- Сейм бақылаушыларын ұйымдастыру;
- тең құқықтар мен мүмкіндіктерді бақылаушыны ұйымдастыру;
- журналистердің әдеп инспекторын ұйымдастыру;
- жекелеген басқару институттарының этикалық комиссиялары.

Сарапшылар Литваның мемлекеттік басқаруындағы проблеманы анықтады: этикалық аудиттің болмауы және басқа Еуропа елдерінде, мысалы **Германияда** бар аудит тетіктері. Осылайша, аудит жүйесінің болмауы этикалық құрылымның бөлшектенуін тудырады. Литвалық әріптестер сонымен қатар көшбасшының рөлін жоғары бағалайды «ұйымда этикалық саясатты қалыптастыруда этикалық жоспар құруы керек ұйымның көшбасшысы ретінде басшыға маңызды рөл беріледі» [14]. Литва сарапшылары қоғамдық мінез-құлық үлгісі ретінде полиция қызметкерінің оң имиджін енгізу бастамасы туралы хабарлайды. Бастама түпкілікті іске асырылмағанымен, бұл мысал мемлекеттік органдарда қоғамдық мінез-құлық моделін құру қажеттілігін көрсетеді.

Малайзия сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті «Малайзия-2030» мемлекеттік стратегиясының басымдықтар тізіміне енгізді. Сонымен қатар, еліміздің ұлттық бірлік жоспарының міндеттерінің ішінде екі міндет сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тікелей бағытталған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру үшін «Интегрити» институты құрылды.

Жапониядағы сыбайлас жемқорлықты алдын алу жүйесінде ел халқының мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқы туралы жоғары хабардар болуы маңызды орын алады. Бұл қоғамда бұрыннан қалыптасқан моральдық-этикалық нормаларды бұзуға төзбеушіліктің ұлттық дәстүрімен бірге сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді тетігі болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимылдың **шведтік тәжірибесі** оған сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалаудың халықаралық индекстерінде озық позицияларға, 2023 жылы Сыбайлас жемқорлықты қабылдаудың халықаралық индексіне 6-орынға қол жеткізуге мүмкіндік берді.

5. Талдау және зерттеу нәтижелері

Халықаралық тәжірибе көшбасшылар мен басшылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі іс-қимылдағы рөлі қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

Сонымен бірге этикалық көшбасшылық проблемасының болуы байқалады. Басшылар өздері ұсынған және жариялаған қағидаттар мен ережелерге қайшы әрекет етуге бейім, бірақ қызметшілер мұны байқамайды деп санайды [34].

Қазақстанда қоғамда парасатты мінез-құлық үлгілерін енгізу тәжірибесі де бар. «100 жаңа тұлға» бастамасын «Первый антикоррупционный медиа-центр» республикалық қоғамдық бірлестігі іске асырды. Бұл тізімге қоғам қайраткерлері, журналистер кірді, кандидаттарды іріктеуді қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен комиссия жүргізеді деп болжанған. Жекелеген кандидаттар үкіметке, Мемлекеттік қызметке ұсынылатын болады. Үміткерлерге қойылатын талаптар: барынша адалдық пен әдептілік, соттылықтың болмауы, мемлекеттік тілді жетік меңгеру, патриот және беделді азамат болу. Бұл жобаны жалғастыру және дамыту орынды болып көрінеді.

Жыл сайын «Первый антикоррупционный медиа-центр» қоғамдық бірлестігі әр түрлі мамандық пен сала өкілдері арасында «Адал тұлға» конкурсын өткізеді.

Мемлекеттік қызмет саласында уәкілетті орган ЖАО бірге «Үздік мемлекеттік қызметші» конкурсын жыл сайын өткізеді. Кандидаттарды іріктеуде бағаланатын құзыреттер арасында әдеп құндылықтарын ұстану, мінсіз бедел.

Айта кету керек, мемлекеттік қызмет саласында мемлекеттік қызметшілердің ойлауын өзгерту, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен әдепті мінез-құлықты қалыптастыру бойынша бірқатар бастамалар қабылданды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі «Өзгерістерді өзіңнен баста» кіші бағдарламасын іске асырды. Бұл кіші бағдарламаның мақсаты мемлекеттік органдардың ұйымдастырушылық мәдениетін жетілдіру және мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық моделін өзгерту болды. Бағдарламаның басымдықтары ретінде 6 бағыт анықталды: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлік, білімге табыну, эволюциялық даму, сананың ашықтығы.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі - 2023 жылы «Адамға бағдарланған» мемлекеттік басқару моделіндегі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және тұлғалық болмысы жайлы доктрина жобасын талқылауға енгізді.

Бұл прогрессивті қадам жалпы мемлекеттік міндеттерді шешудегі құндылық тәсілдерін, басымдықтары мен қағидаттарын қайта қарау мәселелерін өзектендіруден туындады. Ол азаматтық қоғамның үміттері мен сұраныстарына толық сәйкес келді. Мемлекеттік қызметшінің жеке жетілуі тұтастай алғанда қоғамның өзгеруінің шарты болуы тиіс деп күтілуде.

Тұлға – қоғам – мемлекеттің мақсаттары, қажеттіліктері, сұраныстары,

күтулері сәйкес келуі керек.

Бүгінгі жағдай азаматтық қоғам мен мемлекеттік аппаратты шоғырландыруды, ал елдің әрбір азаматынан жеке өмірді қайта бағалауды талап етеді. Бұл тұрғыда мемлекеттік қызметшінің жеке өмірі үлгі, әлеуметтік эталон ретінде қызмет етуі керек. Бұл «мемлекеттік қызметші» ұғымы белгілі бір жеке және кәсіби қасиеттерді білдіреді», – делінген құжатта. Жеке болмыстың жанаруы өзін-өзі тану процесін, адам өмірінің құндылық-семантикалық компонентін «қайта жүктеу» деп аталатын процесті қосуды қамтиды.

Бұл әрбір мемлекеттік қызметшінің кәсіби қызметінде ұмтылуы тиіс нәрсе. Доктринаға сәйкес, мемлекеттік қызметші келесі қасиеттерге ие болады:

- мақсат қою және оларға жету;
- басымдықтарды қоя білу: мақсаттар мен міндеттер алгоритмі;
- рационализм және орындылық;
- шешім қабылдау және нәтиже алу;
- құзыреттілік және біліктілік;
- заңға бағыну және құқықтық сана;
- уақытты басқару;
- аналитика және болжау, болашаққа ойлау;
- белсенділік және шығармашылық;
- шешендік және тілдік дағдылар;
- қарым-қатынас, конструктивтілік және эмпатия;
- эмоционалды және әлеуметтік интеллект [15].

Сондай-ақ, әділеттілік қағидатын сақтау қажеттілігі туралы айтылады, бұл келесі постулаттарда көрінеді:

-кез-келген адам үшін қандай да бір ерекшеліктер болмаса, барлығына арналған жалпыға бірдей заң күші бар ережелер бойынша өмірде әрекет ету;

- мемлекет пен қоғамды басқару процесінде тәртіп пен заңдылықты мүлтіксіз сақтау;

- адамдарға олар сізге қалай қараса, солай қарау;
- басқа адамды жеке пайда табу құралы ретінде қарастырмау;
- өзіне және басқаларға қатысты өз іс-әрекеттерін өлшей отырып, ар-ұжданмен әрекет ету;
- объективті және бейтарап болу;
- пайдасыз артықшылықтар есебінен артықшылықтар мен игіліктер алмау;
- жеке мүдделеріне қайшы болса да, әділ шешімге кедергі жасамау [15].

Жоғарыда келтірілген статистикаға сәйкес, мемлекеттік қызметшілер Әдеп кодексіне сәйкес құндылық көзқарастарын ұстануы керек.

Әрбір мемлекеттік қызметшінің әлеуметтік эталонға айналуы үшін үлкен жүйелі жұмыс істеуі қажет. Мүмкіндіктер алаңдарының бірі, мемлекеттік қызметшіні жеке жетілдіруге арналған практикалық құралдардың бірі,

құндылық бағдарларын «қайта жүктеу» деп аталатын, икемді және кәсіби дағдыларды алу ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы болып табылады.

Қазақстанның мемлекеттік қызметін жетілдірудегі оң тәжірибе өзгерістер агенттері институтын енгізу болып табылады. Өзгерістер агенттері - бұл қызметі әлеуметтік топтардың мінез-құлқына және жеке басының өзгеруіне оң өзгерістер әкелетін адамдар немесе ұйымдар.

Олар негізінен мемлекеттік қызмет жүйесіндегі өзгерістер процесінің катализаторы болып табылады. Қазақстандық мемлекеттік қызмет тәжірибесінде мемлекеттік қызметті жетілдіру және жаңа идеяларды ұсыну үшін мемлекеттік қызметке келген жас мамандар өзгерістер агенттері болып саналады. ЖАО және ОМО әдеп жөніндегі уәкілдері де функционалдық міндеттеріне байланысты өзгерістер агенттері болып табылады.

Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ереже әдеп жөніндегі уәкілдің: «мемлекеттік қызметшілердің заңдарда белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауына ықпал етеді; мемлекеттік орган басшылығының тапсырмасы бойынша не мемлекеттік орган басшысы берген өкілеттіктер шеңберінде мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды; жалпы қабылданған моральдық-ұжымдағы этикалық нормаларға» [7].

Мемлекеттік қызметте этикалық құндылықтарды одан әрі ілгерілету, қызметкерлерді ынталандыру және көтермелеу үшін «360 градус» қызметкерлерді бағалаудың түбегейлі жаңа цифрлық әдісі енгізілді «...қызметкерге этикалық бағалауды оның басшылары, бағыныштылары және басқа да мүдделі тараптар жасырын түрде береді» [1].

Әдіс мемлекеттік қызметшінің атқаратын лауазымына сәйкестік дәрежесін және әлеуетті мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған. Бұл әдіс мемлекеттік қызметшінің нақты қасиеттерін, кәсіби және психологиялық ерекшеліктерін бағалайды.

«В» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне сәйкес [33] күнтізбелік жылы бір рет «Е-қызмет» АИЖ ақпараттық жүйесінде бес балдық шкала бойынша мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері басшыларының 12 құзыреті бағаланады (қызметті басқару, тиімді коммуникациялар құру, этикалық нормалар мен қағидаттарды ұстану, өзгерістерді басқару, нәтижеге бағдарлану, дербестік және шешім қабылдау дағдылары, команданы басқару, көшбасшылық қасиеттер, ынтымақтастық, жеделдік, өзін-өзі дамыту, «В» корпусы қызметшілерінің 8 құзыреті (тиімді коммуникациялар құру, этикалық нормалар мен қағидаттарды ұстану, өзгерістерді басқару, нәтижеге бағдарлану, дербестік және шешім қабылдау дағдылары, ынтымақтастық, жеделдік, өзін-өзі дамыту).

Этикалық мәдениетті арттыру үшін бізге Нидерланды ПМ Мемлекеттік басқару саласында әдеп пен парасаттылықты қамтамасыз ету бюросының тәжірибесі тиімді де пайдалы [36]. Бюро парасаттылықты өзін-өзі бағалау SAINT құралын әзірледі.

Құралды негізгі тәуекелдер мен әлсіз жерлерді анықтау үшін пайдалануға болады.

Осылайша, этикалық аудит жүйесі туралы тақырыпты қозғап отырмыз. Мекеменің әдеп тәртібінің міндетті құрамдас бөлігі мансаптық өсудің шарты ретінде мінез құлықты бағалау болып табылатынын айту кету. Канаданың этикалық бақылаудың кешенді бағалау жүйесі (MAF) 15 негізгі салада, оның ішінде «Құндылықтар мен этика», тиімділік пен өнімділікті көздейді.

Мемлекеттік қызметте этикалық стандарттарды енгізу өзінің күшті жақтары мен мүмкіндіктеріне, сондай-ақ әлсіз жақтары мен қауіптеріне ие. (Кесте 1)

1-кесте. SWOT- әдеп стандарттарын енгізуді талдау

<p>Күшті жақтары (S) Мемлекеттік қызметшілердің ойлауын өзгерту Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру Парасатты қызметшілер санының өсуі ЭЫДҰ стандарттарына көшу Құқық бұзушылықтарға «нөлдік төзімділікті» қалыптастыру Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру</p>	<p>Әлсіз жақтары (W) Әдеп нормаларды ресми сақтау (декларациялау) Бірінші басшылардың парасатты мінез-құлқының үлгілері болмауы Азаматтық қоғамның пассивтілігі Этикалық саясатты іске асыру үшін Бірінші басшылардың жауапкершілігін төмендету Басшы лауазымдарға тағайындау және мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде парасаттылық деңгейі басым фактор болып табылмайды</p>
<p>Мүмкіндіктер (O) Мансаптық өсуге ынталандыру Мемлекеттік қызметтің имиджін арттыру Мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру Командалық ауысу фактілерінің санын азайту «Мінсіз бедел» мәртебесін енгізу Мемлекеттік қызметтің инновациялық моделіне көшу</p>	<p>Қауіптер (T) Халықтың мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін төмендету Мемлекеттік қызметке адал емес адамдардың түсуі Сыбайлас жемқорлықтың өсуі Білікті кадрлардың кетуі Мемлекеттік қызметтің институционалдық жадының жоғалуы Мемлекеттік қызметшілердің құндылық көзқарастарын өзгерту</p>
<p>Ескертпе: автор құрастырған</p>	

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тетіктері

Азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл. Мемлекеттік органдар жанындағы Қоғамдық кеңестердің рөлін күшейту.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қоғамдық айыптау институтын іске асыру үшін әлеуетті алаңдардың бірі «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылған мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері жанындағы Қоғамдық кеңестер болып табылады. Қоғамдық кеңестің ұсынымдарын қарау кеңестерге үлкен мән береді және оның тиімділігін арттырады. Кеңес жанынан ЖАО басшыларының есептерін тыңдау үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссиялар құрылды.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары Қоғамдық кеңестердің сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы рөлін күшейтуді көздейді.

3-бапқа сәйкес, Қоғамдық кеңестердің мақсаты мен міндеттері қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және орталық атқарушы органдар мен жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады [4].

Олар 5-баптың 13) тармақшасына сәйкес мемлекеттік құпияларды не Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, жергілікті деңгейде заңдылықты қамтамасыз ету және адам мен азаматтың құқықтарын және бостандықтарын сақтау мәселелері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде құқық қорғау органдары басшыларының ақпаратын тыңдау мүмкін.

16-баптың 4-тармағына сәйкес «Қоғамдық кеңестің қоғамдық бақылау саласындағы мақсаттары мен міндеттері» қоғамдық бақылау міндеттерінің арасында халықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесіне тарту жөніндегі міндеттерді көздейді [4].

Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті органның есептерін ашық тыңдау қорытындылары бойынша, оның ішінде аяқталған сот процестері бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері мемлекеттік қызметте немесе басшылық лауазымда одан әрі болуға жол бермейтін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға, әкімшілік құқық бұзушылықтарға байланысты резонанстық этикалық теріс қылықтарға түбегейлі қоғамдық баға беретін болады.

Мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру.

Қазіргі кезеңдегі мемлекеттік басқарудың сапасы мемлекеттік қызметшілердің білімімен, дағдыларымен ғана емес, ынталандырылуымен де айқындалады. Ынталану «адамдардың, институттардың және қоғамдардың функцияларды орындау, мәселелерді шешу, мақсат қою және орындау қабілеті» ретінде анықталады [10].

Сарапшылар қызметкерлерді ұйымның, кәсіпорынның мақсаттарына жетуге ынталандырудың маңыздылығын атап өтеді.

Халықаралық сарапшы Я. Стрельченко сыбайлас жемқорлық үшін қолайлы жағдайлар туралы айта отырып қызметшінің әлсіз жеке жақтары арасында ынталанудың жоқтығы атап өтіледі [34].

Біздің тарапымыздан Қазақстандағы мемлекеттік қызмет жүйесінде қызметтік әдеп пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды сақтауға ынталандыруды күшейту ұсынылады.

Ынталанудың екі компоненті бар: ішкі және сыртқы. Ішкі ынталану адамның өзіне ұнайтын нәрсені жасауды білдіреді, ал сыртқы ынталану белгілі бір нәтиже алу үшін бірдене жасауды білдіреді [11].

Зерттеушілер Перри мен Уайз мемлекеттік қызметтегі мотивацияны қазіргі заманғы түсінудің негіздерін «адамның мемлекеттік органдарда немесе ұйымдарда болатын мотивтерге реакцияға бейімділігі» деп анықтады [12].

Біздің алдымызда мемлекеттік қызметшілерді парасатты мінез-құлыққа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және этикалық нормаларды ұстануға ынталандыру жөніндегі күрделі міндет тұр. Материалдық және материалдық емес әдістердің барлық арсеналын қолдану қажет.

Жоғары этикалық құндылықтарды – адалдықты және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті сақтауды қатаң қадағалауды белгілеу арқылы экономикалық табысқа және өркендеуге қол жеткізген Сингапур мен басқа елдердің тәжірибесін пайдалануды ұсынамыз.

Осы тарихи кезеңде, қазіргі саяси жағдайларда мемлекеттік қызметке іріктеу және мансаптық ілгерілету, басшылық лауазымдарға тағайындау кезінде кәсіби білім мен дағдылардан парасаттылық қағидаттарының басымдығын қамтамасыз ету қажет.

Осы мақсаттар үшін саяси ерік-жігер талап етіледі және мемлекеттік қызметте «мінсіз бедел» мәртебесін заңнамалық түрде енгізу қажет.

Мінсіз бедел мемлекеттік қызметтің кадр жүйесінде өзінің орнығуын тауып, мемлекеттік қызметшінің негізгі капиталы, оның жұмыс портфолиосының негізі болуға тиіс. Мемлекеттік қызметшінің мінсіз беделі мемлекеттік қызметшінің мансаптық өсуінің ынталандырушысы, бағалау индикаторы және негізі болуға тиіс. Мінсіз беделді кәсіпкердің іскерлік беделі сияқты капитал ретінде тану қажет.

Мінсіз беделге ие адамдар тәлімгер бола алады және әлеуметтік мінез-құлықтың үлгісі (эталоны) бола алады. Сондай-ақ, мемлекеттік мекемелерде парасатты мінез-құлық бар адамдар, жас мамандардың тәлімгерлері қатарынан «өзгерістер агенттері» пулын одан әрі қалыптастыру практикасын жалғастыру қажет. Мінсіз бедел жас мамандар үшін «Әлеуметтік лифттің» құрамдас бөліктерінің біріне айналуы қажет.

БАҚ-пен өзара іс-қимыл. Мемлекеттік органдардың ашықтығы

Сыбайлас жемқорлықты алдын алу және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен әдеп теріс қылықтарын жасаған адамдарды жазалау шаралары туралы хабардар ете отырып, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың белгілі бір кезеңдегі қызметінің қорытындылары бойынша БАҚ үшін тұрақты брифингтер өткізу - басқа пәрменді тетіктің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету қажет.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді жариялау

2022 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жүйесіне жемқорлар реестрін енгізілетінін жариялады. Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес [2] «Сыбайлас жемқорлар тізімін (реестр)» еркін қолжетімділікте орналастыру мәліметтердің ашықтығын қамтамасыз етуге және сыбайлас жемқорлыққа қоғамдық қысым жасау үшін жағдай жасауға қабілетті.

Сот процесінің жариялылығы

Қоғамдық тәртіпке, ел экономикасына және мемлекеттік қызметтің имиджіне қауіп төндіретін ірі резонанстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша ашық сот процестерін жүргізу пәрменді шара бола алады. Бұл қадамның артықшылығы сыбайлас жемқорлық мәселесіне назар аудару, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жаппай талқылау және көпшілік алдында айыптау болып табылады.

Қазақстанда өткен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықпен байланысты соңғы сот процесі қоғамның сот жүйесінің ашықтығы мен азаматтық қоғамды жандандыруға деген сұранысын растады.

Мемлекет басшысы өзінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында сот органдарының назарын әділ және әділ сот төрелігі қағидатын іске асыруға аударды. «Қоғамның соттарға деген сенімін нығайту басты мақсатқа айналуы тиіс» [9].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ашық сот процестерін жүргізу арқылы ел басшылығы жариялаған Ашық және Халық үніне құлақ асатын мемлекет қағидаты, жазаның бұлтартпаушылық қағидаты іске асырылатын болады.

7. Социологиялық зерттеу нәтижелері

Сараптамалық сұхбат

